

Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі
Мемлекеттік энергетикалық қадағалау комитетінің мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1106 Қаулысы.
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 24 желтоқсандағы N 1278
Қаулысымен

***Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 24
желтоқсандағы N 1278 (қол қойылған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен
соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.***

Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік басқару жүйесін одан
әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" 2004 жылғы 29 қыркүйектегі N 1449
Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі
ҚАУЛЫ ЕТЕДІ :

1 . Қоса беріліп отырған :

1) Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар
министрлігінің Мемлекеттік энергетикалық қадағалау комитеті туралы ереже;

2) Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар
министрлігі Мемлекеттік энергетикалық қадағалау комитетінің құрылымы
бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар
министрлігі Мемлекеттік энергетикалық қадағалау комитеті төрағасының бір
орынбасары болуына рұқсат етілсін.

3 . Мыналардың :

1) "Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар
министрлігінің Мемлекеттік энергетикалық қадағалау жөніндегі комитетінің
мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 23
тамыздағы N 1221 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПУКЖ-ы, 1999 ж.)

, N 41 , 376 - құжат);

2) "Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар
министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001
жылғы 25 қантардағы N 133 қаулысымен (Қазақстан Республикасының
ПУКЖ-ы, 2001 ж., N 3, 37-құжат) бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің
кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 3-тармағының
күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Премьер-Министри

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2004 жылғы 28 қазандары

N 1106 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Мемлекеттік энергетикалық қадағалау комитеті (Мемэнерқадағалауком) туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Мемлекеттік энергетикалық қадағалау комитеті (бұдан әрі - Комитет) Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі құзыретінің шегінде арнайы атқару және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыратын ведомство болып табылады.

Комитеттің негізгі міндеті энергияны өндіру, беру, тарату және тұтыну сенімділігін, қауіпсіздігі мен үнемділігін қадағалау және бақылау болып табылады.

2. Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің кесімдеріне, өзге де нормативтік құқықтық кесімдерге, сондай-ақ осы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Комитет мемлекеттік мекеменің ұйымдастыру-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, өз атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрлері мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық органдарында шоттары болады.

Комитет азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

Комитеттің, егер ол заңнамаға сәйкес өкілетті болса, оның мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарабы болуға құқығы бар.

4. Комитет өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағында күші бар бұйрықтар шығарады.

5. Комитеттің штат санының лимитін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

6. Комитеттің заңды мекен-жайы:

473000, Астана қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 22.

7. Комитеттің толық атауы - "Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Мемлекеттік энергетикалық қадағалау комитеті (Мемэнерқадағалауком)" мемлекеттік мекемесі.

8. Осы Ереже Комитеттің құрылтай құжаты болып табылады.

9. Комитеттің қызметін қаржыландыру тек мемлекеттік бюджеттен жүзеге асырылады.

Комитетке кәсіпкерлік субъектілерімен Комитеттің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау мәнінде шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Комитетке заңнамалық кесімдермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыратын құқық берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кірістер респубикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Комитеттің функциялары мен құқықтары

10. Комитет заңнамада белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырылады:

мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ететін функциялар: электр энергиясының көтерме және бөлшек сауда рыноктарының жұмыс істеу мониторингін жүргізеді;

энергетикалық объектілердегі техникалық пайдаланудың, авариялық және жарақаттанудың жай-күйі жөнінде есеп беру жүйесін ұйымдастырады;

электр және жылу жүйелеріндегі аса маңызды техникалық-экономикалық көрсеткіштері, отынның үлестік шығыстары, электр және жылу энергиясы шығындары жай күйінің және энергетикалық объектілер меншік иелерінің оларды азайту жөнінде қабылдаған міндеттемелерін орындау мониторингін жүргізеді;

электр энергетикасындағы негізгі қорлардың жай-күйін жақсарту, жабдықтарды қайта құру мен жаңғырту жүргізу жөніндегі жұмыстарды стратегиялық инвесторлардың орындау мониторингін жүргізеді;

энергетикалық жабдықтардың жұмыс тиімділігін арттыру, оны қайта құру және жаңғырту бөлігінде стратегиялық инвесторлардың жұмысы жөнінде ұсыныстар дайындауды;

мемлекеттік саясаттың іске асырылуын бақылауды қамтамасыз ететін функции ялар:

электр және жылу энергияларының көтерме және бөлшек сауда рыноктарының жұмыс істеуіне байланысты техникалық мәселелер бойынша қорытындылар береді;

Қазақстанның бірыңғай энергия жүйесінің бірнеше бөлікке бөлінуіне, электр және жылу энергиясы бойынша тұтынушыларды жаппай шектеуге, ірі энергетикалық жабдықтардың зақымдануына әкеп соқтырған электр

станцияларының, жылу және электр жүйелерінің жұмысындағы ірі технологиялық бұзылударды тексеруді ұйымдастыруды есепке алуды қамтамасыз етеді;

электр және жылу энергиясын қауіпсіз және ұтымды өндіру, пайдалану жөнінде энергетикалық объектілерде энергетикалық сараптама жүргізуіді, энергия үнемдеу саясатының орындалуын бақылауды ұйымдастырады;

занды тұлғалардың энергетикалық тиімділігін зерттеуді ұйымдастырады;

Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы нормативтік құқықтық кесімдерінің техникалық талаптарын орындаудың қадағалауды жүзеге асырады;

электр станциялары, электр және жылу желілері энергетикалық жабдықтарының, сондай-ақ меншік нысанына қарамастан тұтынушылардың электр және жылу пайдаланатын қондырғыларының пайдаланылуы мен техникалық жай-күйін қадағалауды жүзеге асырады;

электр және жылу энергиясының ұтымды және үнемді пайдаланылуын және өндіру, беру, әрі тұтыну режимдерінің оңтайландырылуын бақылауды жүзеге асырады;

электр және жылу энергиясының сапасы жөніндегі мемлекеттік стандарттардың талаптары мен техникалық шарттардың сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

электр энергетикасы саласындағы лицензияланатын қызмет түрлеріне қойылатын талаптардың орындалуын қадағалауды жүзеге асырады;

электр станциялары, электр және жылу жүйелері энергетикалық жабдықтарының, сондай-ақ тұтынушылардың энергетикалық жабдықтары техникалық жай-күйінің мерзімді тексерілуін жүзеге асырады;

электр станцияларының, жылу және электр желілерінің күзгі-қысқы жағдайларда жұмысқа дайындығына бақылауды жүзеге асырады;

техникалық жай-күйі мен электр және энергия қондырғыларын пайдалану қауіпсіздігін бақылауды жүзеге асыру мақсатында электр жылу энергиясын өндіруді, беруді және таратуды жүзеге асыруышы ұйымдардың техникалық басшыларының техникалық пайдалану ережелері мен қауіпсіздік ережелерін білуінің біліктілік тексерулерін ұйымдастырады;

электр және жылу энергиясын пайдалану ережелерінің сақталуын бақылауды жүзеге асырады.

11. Комитет негізгі міндеттерді іске асыру және өзінің функцияларын жүзеге асыру үшін заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) электр энергетикасы кешенінде қолданыстағы техникалық және технологиялық нормаларды, ережелер мен стандарттарды қамтитын заңнаманы және нормативтік кесімдерді жетілдіру жөнінде ұсыныстар дайындауды жүзеге

а с ы р у ғ а ;

2) ұйымдардың энергетикалық жабдықтарының, электр және жылу пайдаланатын қондырғыларының және оларға қызмет көрсететін қызметкерлердің жұмыстарына тексерулер жүргізу;

3) тексеру кесімдерін жасауға және Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша тиісті ұйымдардың басшылары орындауға міндепті нұсқамалар беруге;

4) энергетикалық ұйымдардың Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі бекітетін кестеге сәйкес келесі жұмыс дайындығына бағалау жүргізу;

5) қадағалаудағы энергетикалық жабдықтарды зерттеу, энергетикалық ұйымдарға кешенді тексерулер жүргізу және электр станцияларының, электр және жылу желілерінің энергетикалық жабдықтары жұмысындағы технологиялық бұзылуларды тексеру кезінде тиісті сарапшыларды тартуға;

6) электр станцияларының, электр және жылу желілерінің жұмысындағы технологиялық бұзылуларды тексеру жөнінде комиссиялар тағайындауға;

7) электр энергетикасы кешенінің субъектілерінен және қадағалаудағы жабдықтардың меншік иелерінен өз функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті техникалық-экономикалық ақпарат алуға;

8) аварияларға, қайғылы оқиғаларға және электр энергетикасы саласындағы нормативтік құқықтық кесімдердің техникалық талаптарының өзге де өрескел бұзылуларына жол берген кінәлі адамдарды тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы ұйымдардың меншік иелеріне ұсыныстар енгізу;

9) аварияларға, қайғылы оқиғаларға және электр энергетикасы саласындағы нормативтік құқықтық кесімдердің техникалық талаптарының өзге де өрескел бұзылуларына жол берген кінәлі адамдарды заңнамаға сәйкес әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тарту туралы материалдарды тиісті мемлекеттік органдарға жіберуге құқылы.

3. Комитеттің мүлкі

12. Комитеттің жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады.

13. Комитеттің мүлкі респубикалық меншікке жатады.

14. Комитеттің өзіне бекітілген мүлікті өз бетінше иеліктен шығаруға немесе оған өзге тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

Заңнамамен белгіленген жағдайларда және шектерде Комитетке мүлікке билік ету құқығы берілуі мүмкін.

4. Комитеттің жұмысын ұйымдастыру

15. Комитетті Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлінің ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындастырын және қызметтен босататын төраға басқарады.

Комитет төрағасының, оның ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасы

Энергетика және минералдық ресурстар министрі қызметке тағайындастырылған және
қызметтөрдің орынбасарларының санын Қазақстан Республикасының
босататын орынбасары болады.

Комитет төрағасы орынбасарларының санын Қазақстан Республикасының
Үкіметі бекітеді.

16. Комитеттің төрағасы Комитеттің жұмысын ұйымдастырады және оған
басшылық жасайды және Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуы мен
оның өз функцияларын жүзеге асыруы үшін дербес жауапкершілік алады.

17. Осы мақсаттарда Комитет төрағасы:

1) өзінің орынбасарының және Комитеттің құрылымдық бөлімшелері
басшыларының міндеттері мен өкілеттіктерін белгілейді;

2) заңнамаға сәйкес Комитет қызметкерлерін қызметке тағайындауды және
қызметтөрдің орынбасарларының міндеттерін босатады;

3) Комитеттің қызметкерлеріне заңнамада белгіленген тәртіппен тәртіптік
жазалар қолданады;

4) Комитеттің бұйрықтарына қол қояды;

5) Комитеттің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді.

5. Комитеттің қайта ұйымдастыру және тарату

18. Комитеттің қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының
заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы

Үкіметтің ініціатива

2004 жылғы 28 қазандары

№ 1106 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық
ресурстар министрлігінің Мемлекеттік энергетикалық
қадағалау комитетінің құрылымы

Басшылық

Мониторинг және талдау басқармасы

Техникалық инспекция басқармасы